

Өнеркәсіп саласындағы тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары мен тексеру параптарын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің м.а. 2023 жылғы 7 сәуірдегі № 231 және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің м.а. 2023 жылғы 12 сәуірдегі № 48 бірлескен бүйріғы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2023 жылғы 14 сәуірде № 32303 болып тіркелді

Қазақстан Республикасы Кесіпкерлік кодексінің 141-бабының 5-тармағына, 143-бабының 1-тармағына сәйкес **БҮЙРЫМЫЗ**:

1. Мыналар:

1) осы бірлескен бүйріққа 1-қосымшаға сәйкес өнеркәсіп саласындағы біліктілік талаптарына сәйкестігін бақылауға тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары;

2) осы бірлескен бүйріққа 2-қосымшаға сәйкес пайдалы қатты қазбаларды (кең таралған пайдалы қазбаларды қоспағанда) өндіру; пайдалы қатты қазбалардың кен орындарын ашық және жерасты тәсілдерімен ашу және әзірлеу; кен орындарында технологиялық жұмыстарды жүргізу; кеништер мен шахталарды жабу жөніндегі жою жұмыстары; пайдалы қазбаларды өндіру үшін жару жұмыстарын жүргізу кіші қызмет түрлеріне лицензия мен қосымша алған лицензияттарға қатысты өнеркәсіп саласындағы тексеру парагы;

3) осы бірлескен бүйріққа 3-қосымшаға сәйкес химиялық өндірістерді пайдалану кіші қызмет түріне лицензия мен қосымша алған лицензияттарға қатысты өнеркәсіп саласындағы тексеру парагы;

4) осы бірлескен бүйріққа 4-қосымшаға сәйкес ұнғымаларды жерасты және күрделі жөндеу, жабдықты және агрегаттарды бөлшектеу, ұнғымалар көтергішін орнату; ұнғымаларды жөндеуден кейін сынау; ұнғымаларды шаю, цементтеу, сынаудан өткізу және игеру кіші қызмет түрлеріне лицензия мен қосымша алған лицензияттарға қатысты өнеркәсіп саласындағы тексеру парагы бекітілсін.

2. Мыналардың:

1) "Өнеркәсіп саласындағы тексеру парагын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 4 желтоқсандағы № 1161 және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 25 желтоқсандағы № 789 бірлескен бүйріғының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12795 болып тіркелген);

2) "Өнеркәсіп саласындағы тексеру парагын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің міндеттін атқарушының 2015 жылғы 4 желтоқсандағы № 1161 және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 25 желтоқсандағы № 789 бірлескен бұйрығына өзгеріс енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2018 жылғы 16 қарашадағы № 799 және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2018 жылғы 19 қарашадағы № 72 бірлескен бұйрығының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17817 болып тіркелген) күші жойылды деп танылсын.

3. Қазақстан Республикасы Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрлігінің Индустріялық даму комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бірлескен бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бірлескен бұйрықты Қазақстан Республикасы Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

4. Осы бірлескен бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Индустрія және инфрақұрылымдық даму вице-министріне жүктелсін.

5. Осы бірлескен бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі және 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап туындаған қатынастарға қолданылады.

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика
бірінші вице-министрі

T. Жаксылыков

Қазақстан Республикасы
Индустрія және инфрақұрылымдық
даму министрінің міндеттін атқарушы

A. Бейспеков

"КЕЛІСІЛДІ"
Қазақстан Республикасы
Бас прокуратурасының
Құқықтық статистика және
арнайы есепке алу жөніндегі
комитеті

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика
бірінші вице-министрі
2023 жылғы 12 сәуірдегі
№ 48 мен
Қазақстан Республикасы
Индустрія және

инфрақұрылымдық
даму министрінің
міндеттін атқарушы
2023 жылғы 7 сауірдегі
№ 231 Бірлескен бүйрықка
1-қосымша

Өнеркәсіп саласындағы біліктілік талаптарына сәйкестігін бақылауға тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары

1-тaraу. Жалпы ережелер

1. Осы Өнеркәсіп саласындағы біліктілік талаптарына сәйкестігін бақылау саласындағы тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары (бұдан әрі – Өлшемшарттар) Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексінің (бұдан әрі – Кодекс) 141-бабына, "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасының заңына (бұдан әрі – Зан), "Реттеуші мемлекеттік органдардың тәуекелдерді бағалау және басқару жүйесін қалыптастыру қағидаларын бекіту және "Мемлекеттік органдардың тәуекелдерді бағалау жүйесін қалыптастыру қағидаларын және тексеру параптерының нысанын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің міндеттін атқарушының 2018 жылғы 31 шілдедегі № 3 бүйрығына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің міндеттін атқарушының 2022 жылғы 22 маусымдағы № 48 бүйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 28577 болып тіркелген) сәйкес өнеркәсіп саласындағы біліктілік талаптарына сәйкестігін бақылау саласындағы бақылау субъектілерін (объектілерін) тәуекел дәрежелеріне жатқызу мақсатында әзірленді.

2. Осы өлшемшарттарда мынадай ұғымдар пайдаланады:

1) бақылау субъектісі – өнеркәсіп саласындағы жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерге лицензиясы бар лицензиаттар;

2) біліктілік талаптары – өтініш берушінің және лицензиаттың жекелеген лицензияланатын қызмет түрімен және (немесе) лицензияланатын қызмет түрінің кіші түрімен айналысу қабілетін сипаттайтын, лицензия және (немесе) лицензияға қосымша беру кезінде де, оның жарамдылығы уақытының бүкіл кезеңінде де қойылатын сандық және сапалық нормативтер мен көрсеткіштер жиынтығы;

3) өрескел бұзушылықтар – лицензияланатын қызметтің кіші түрлерін жүзеге асыру үшін меншік құқығында не өзге де заңды негізде өндірістік-техникалық базаның болмауына байланысты бұзушылықтар, сондай-ақ инженерлік құрылғылар, машиналар, тетіктер, құралдар, арнайы көліктер, жабдықтар, өлшеу жабдықтары және бақыланатын технологиялық процесстің; жарылғыш қажетті заттарды сақтайтын қоймалары бар мамандандырылған ұйыммен жасалған шарт немесе лицензия; ұңғымаларды бұрғылауға арналған бұрғылау станогтың; тиісті технологиялық жабдықтар; тетіктер,

технологиялық желілер, шикізатты дайындау, қайта өндіу қондырғылары, шикізатты, дайын өнімдерді, жарылыс өрт қауіпті, улы күшті әсер ететін заттарды сақтау үшін арнайы жабдықталған қоймалар, үй-жайлар және сыйымдылықтар; өнімнің стандарттарға, нормалар мен техникалық талаптарына сәйкестігін бақылау бойынша аккредиттелген зертхананың болмауына байланысты бұзушылықтар;

4) елеулі бұзушылықтар – машиналарды, тетіктерді, көлік құралдарын, аспаптарды, жабдықтарды пайдалануды және оларға техникалық қызмет көрсетуді; еңбек қауіпсіздігін бақылауды; метрологиялық бақылауды; маркшейдерлік жұмыстарды; технологиялық процесті сақтауды және берілген сападағы өнімнің шығарылуын; қоршаған ортаны қорғауды қамтамасыз ететін жауапты адамдардың және тиісті білім беру деңгейіне жауап беретін мамандардың; тиісті білім деңгейіне сәйкес техникалық басшылар мен мамандардың біліктілік құрамының болмауына байланысты бұзушылықтар;

5) болмашы бұзушылықтар – технологиялық регламенттің болмауына байланысты бұзушылықтар;

6) лицензиат – лицензиясы бар жеке немесе занды тұлға, сондай-ақ қызметінің нысанасы қаржылық қызметтер көрсету болып табылатын шетелдік занды тұлғаның филиалы;

7) лицензия – лицензиар жеке немесе занды тұлғаға, сондай-ақ қызметінің нысанасы қаржылық қызметтер көрсету болып табылатын шетелдік занды тұлғаның филиалына қауіптіліктің жоғары деңгейімен байланысты лицензияланатын қызмет түрін не лицензияланатын қызметтің кіші түрін жүзеге асыруға беретін бірінші санаттағы рұқсат;

8) лицензияланатын қызмет түрі – айналысу үшін осы Занға сәйкес лицензия алу талап етілетін қызмет түрі (белгілі бір әрекет (операция, сақтандыру сыныптары);

9) лицензияланатын қызмет түрінің кіші түрі – бір лицензия шенберінде тиісті лицензияланатын қызмет түрін нақтылау;

10) балл – тәуекелді есептеудің сандық өлшемі;

11) деректерді қалыпқа келтіру – әртүрлі шәкілдерде өлшенген мәндерді шартты түрде жалпы шәкілге келтіруді көздейтін статистикалық рәсім;

12) тәуекел – бақылау субъектісінің қызметі нәтижесінде адам өміріне немесе денсаулығына, қоршаған ортаға, жеке және занды тұлғалардың занды мүдделеріне, мемлекеттің мұліктік мүдделеріне салдарларының ауырлық дәрежесін ескере отырып зиян келтіру ықтималдығы;

13) тәуекелдерді бағалау және басқару жүйесі – тиісті қызмет салаларында тәуекелдің жол берілетін деңгейін қамтамасыз ете отырып, кәсіпкерлік еркіндігін шектеудің ең төменгі ықтимал дәрежесі мақсатында бақылау субъектісіне талаптарға сәйкестігін тексерулерді кейіннен жүзеге асыру үшін бақылау субъектілерін тәуекел дәрежелері бойынша бөлу арқылы қолайсыз факторлардың туындау ықтималдығын

азайтуға бағытталған, сондай-ақ нақты бақылау субъектісі (объектісі) үшін тәуекел деңгейін өзгертуге бағытталған басқарушылық шешімдерді қабылдау және (немесе) осындай бақылау субъектісін (объектісін) бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы біліктілік талаптарға сәйкестігін тексеруден босату процесі;

14) тәуекел дәрежесін бағалаудың объективті өлшемшарттары (бұдан әрі – объективті өлшемшарттар) – белгілі бір қызмет саласында тәуекел дәрежесіне байланысты және жеке бақылау субъектісіне (объектісіне) тікелей байланыссыз бақылау субъектілерін (объектілерін) іріктеу үшін пайдаланылатын тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары;

15) тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары – бақылау субъектісінің тікелей қызметімен, салалық даму ерекшеліктерімен және осы дамуға әсер ететін факторлармен байланысты, бақылау субъектілерін (объектілерін) тәуекелдің әртүрлі дәрежелерін жатқызуға мүмкіндік беретін сандық және сапалық көрсеткіштің жиынтығы;

16) тәуекел дәрежесін бағалаудың субъективті өлшемшарттары (бұдан әрі – субъективті өлшемшарттар) – нақты бақылау субъектісінің (объектісінің) қызметі нәтижелеріне байланысты бақылау субъектілерін (объектілерін) іріктеу үшін пайдаланылатын тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары;

17) тексеру парагы – бақылау субъектілерінің (объектілерінің) қызметіне қойылатын, олардың сақталмауы адамның өмірі мен денсаулығына, қоршаған ортаға, жеке және занды тұлғалардың, мемлекеттің занды мұдделеріне қатер төндіруге алып келетін талаптар тізбесі;

18) іріктеме жиынтық (іріктеме) – Кодекстің 143-бабының 2-тармағына сәйкес мемлекеттік бақылаудың нақты саласында бақылау субъектілерінің (объектілерінің) біртекті тобына жатқызылатын бағаланатын субъектілердің (объектілердің) тізбесі.

3. Кодекстің 141-бабының 5-тармағына сәйкес біліктілік талаптарға сәйкестігіне тексеру жүргізу үшін қолданылатын тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары мен тексеру парактары реттеуші мемлекеттік органдардың, кәсіпкерлік жөніндегі уәкілетті органның бірлескен актісімен бекітіледі және реттеуші мемлекеттік органдардың интернет-ресурстарында орналастырылады.

Мемлекеттік органдардың тәуекел дәрежесін бағалау және тәуекелдерді басқару өлшемшарттарын, тексеру парактарын бекіту туралы нормативтік құқықтық актілері бекітілгенге дейін ақпараттық жүйенің – тексеру субъектілері мен объектілерінің бірыңғай тізілімінің талаптарына сәйкестігі түрғысынан құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі уәкілетті органмен келісілуге тиіс.

Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі уәкілетті органмен келісілу мерзімі жоба келісуге келіп түскен күннен бастап бес жұмыс күнін құрайды.

4. Бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы талаптарға сәйкестігіне тексеруді жүзеге асыру кезінде тәуекелдерді басқару мақсаттары үшін бақылау

субъектілерін (объектілерін) талаптарға сәйкестігіне тексеру жүргізу үшін тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары бірнеше кезеңмен жүзеге асырылатын объективті және субъективті өлшемшарттарды айқындау (Шешімдерді мультиөлшемшартты талдау) арқылы қалыптастырылады.

Бірінші кезенде объективті өлшемшарттар жөніндегі мемлекеттік органдар бақылау субъектілерін (объектілерін) мынадай тәуекел дәрежелерінің біріне жатқызады:

- 1) жоғары тәуекел;
- 2) орташа тәуекел;
- 3) төмен тәуекел.

Объективті өлшемшарттар бойынша тәуекелдің жоғары және орташа дәрежелеріне жатқызылған бақылау субъектілерінің (объектілерінің) қызметі салаларында талаптарға сәйкестігіне тексеру және жоспардан тыс тексеру жүргізіледі.

Объективті өлшемшарттар бойынша тәуекелдің төмен дәрежесіне жатқызылған бақылау субъектілерінің (объектілерінің) қызметі салаларында талаптарға сәйкестігіне тексеру және жоспардан тыс тексеру жүргізіледі.

Екінші кезенде субъективті өлшемшарттар жөніндегі мемлекеттік органдар бақылау субъектілерін (объектілерін) мынадай тәуекел дәрежелерінің біріне жатқызады:

- 1) жоғары тәуекел;
- 2) орташа тәуекел;
- 3) төмен тәуекел.

Тәуекел дәрежесінің көрсеткіштері бойынша бақылау субъектісі (объектісі) мыналарға:

- 1) тәуекел дәрежесінің көрсеткіші 71-ден 100-ді қоса алғанға дейін болған кезде – тәуекелдің жоғары дәрежесіне;
- 2) тәуекел дәрежесінің көрсеткіші 31-ден 70-ті қоса алғанға дейін болған кезде – тәуекелдің орташа дәрежесіне;
- 3) тәуекел дәрежесінің көрсеткіші 0-ден 30-ты қоса алғанға дейін болған кезде – тәуекелдің төмен дәрежесіне жатқызылады.

5. Іқтимал тәуекел мен проблеманың маңыздылығына, бұзушылықтың біржолғы немесе жүйелі сипатына, әрбір ақпарат көзі бойынша бұрын қабылданған шешімдерді талдауға байланысты бақылау субъектілерінің (объектілерінің) қызметіне қойылатын талаптар өрескел, елеулі және болмашы бұзушылық дәрежелеріне сәйкес келеді.

Бұл ретте өрескел, елеулі және болмашы бұзушылықтарды айқындау реттеуші мемлекеттік органның тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттарында тиісті мемлекеттік бақылау саласының ерекшелігі ескеріле отырып белгіленеді.

Бұзушылық дәрежесі (өрескел, елеулі, болмашы) субъективті өлшемшарттар бойынша өрескел, елеулі, болмашы бұзушылықтардың белгіленген анықтамаларына сәйкес беріледі.

6. Біліктілік талаптарына сәйкестігіне тексеру жүргізу үшін тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары объективті және субъективті өлшемшарттарды айқындау арқылы қалыптастырылады.

2-тaraу. Объективті өлшемшарттар

7. Объективті өлшемшарттарды айқындау тәуекелді айқындау арқылы жүзеге асырылады.

8. Тәуекелді айқындау мынадай өлшемшарттардың бірін ескере отырып жүзеге асырылады:

1) объективтің қауіптілік (курделілік) деңгейі;

2) реттелетін салаға (облысқа) ықтимал теріс салдарлар ауырлығының, зиянының ауқымы;

3) адамның өмірі немесе денсаулығы, қоршаган орта, жеке және занды тұлғалардың, мемлекеттің занды мұдделері үшін қолайсыз оқиғаның туындау мүмкіндігі.

9. Іктинал тәуекелдерге талдау жүргізгеннен кейін бақылау субъектілері (объектілері) тәуекелдің үш дәрежесі (жоғары, орта және төмен) бойынша бөлінеді.

10. Өнеркәсіп саласындағы жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерге лицензия 9 кіші қызмет түрлерінен тұрады:

қатты пайдалы қазбаларды (кең таралған пайдалы қазбаларды қоспағанда) өндіру;

қатты пайдалы қазбалардың кен орындарын ашиқ және жерасты тәсілдерімен ашу және әзірлеу;

кен орындарында технологиялық жұмыстарды жүргізу;

пайдалы қазбаларды өндіру үшін жару жұмыстарын жүргізу;

кеништер мен шахталарды жабу жөніндегі жою жұмыстары;

ұнғымаларды жерасты және күрделі жөндеу, жабдықты және агрегаттарды бөлшектеу, ұнғымалар көтергішін орнату;

ұнғымаларды жөндеуден кейін сынау;

ұнғымаларды шаю, цементтеу, сынаудан өткізу және игеру;

химиялық өндірістерді пайдалану.

Қатты пайдалы қазбаларды (кең таралған пайдалы қазбаларды қоспағанда) өндіру; қатты пайдалы қазбалардың кен орындарын ашиқ және жерасты тәсілдерімен ашу және әзірлеу; кен орындарында технологиялық жұмыстарды жүргізу; кеништер мен шахталарды жабу жөніндегі жою жұмыстары; пайдалы қазбаларды өндіру үшін жару жұмыстарын жүргізу қызметтің кіші түрлеріне лицензия алған лицензиаттар жоғары тәуекел дәрежесі субъектілеріне жатады.

Химиялық өндірістерді пайдалану қызметтің кіші түріне лицензия алған лицензиаттар орташа тәуекел дәрежесі субъектілеріне жатады.

Ұнғымаларды жерасты және күрделі жөндеу, жабдықты және агрегаттарды бөлшектеу, ұнғымалар көтергішін орнату; ұнғымаларды жөндеуден кейін сынау;

ұнғымаларды шаю, цементтеу, сынаудан өткізу және игеру қызметтің кіші түрлеріне лицензия алған лицензиаттар төмен тәуекел дәрежесі субъектілеріне жатады.

3-тарау. Субъективті өлшемшарттар

11. Субъективті өлшемшарттарды айқындау мынадай кезеңдерді қолдана отырып жүзеге асырылады:

- 1) деректер базасын қалыптастыру және ақпарат жинау;
- 2) ақпаратты талдау және тәуекелдерді бағалау.

12. Бақылау субъектілерін (объектілерін) анықтау үшін деректер базасын қалыптастыру және ақпарат жинау қажет.

Ақпаратты жинау және өндегу процестері толық көлемде автоматтандырылады және алынған деректердің дұрыстығын тексеруге мүмкіндік береді.

Тәуекел дәрежесін бағалау үшін мынадай ақпарат көздері пайдаланылады:

- 1) бақылау субъектілеріне (объектілеріне) алдыңғы тексерулердің нәтижелері;
- 2) расталған шағымдар мен өтініштердің болуы және саны;
- 3) мемлекеттік органдар мен ұйымдар ұсынатын мәліметтерді талдау нәтижелері;
- 4) мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелері, бақылау субъектілерінің (объектілерінің) интернет-ресурстары арқылы талдау.

Ескерту: мемлекеттік бақылауды автоматтандыру жөніндегі ақпараттық жүйе пайдалануға берілген сәттен бастап қолданысқа енгізіледі.

13. Қолда бар ақпарат көздерінің негізінде реттеуші мемлекеттік органдар талдауға және бағалаула жататын субъективті өлшемшарттарды бойынша деректерді қалыптастырады.

Субъективті өлшемшарттарды талдау және бағалау ең жоғары әлеуетті тәуекелі бар бақылау субъектісіне (объектісіне) қатысты бақылау субъектісіне (объектісіне) біліктілік талаптарға сәйкестігіне тексеру жүргізуді шоғырландыруға мүмкіндік береді.

Бұл ретте талдау және бағалау кезінде нақты бақылау субъектісіне (объектісіне) қатысты бұрын ескерілген және пайдаланылған субъективті өлшемшарттардың деректері не Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес талап қою мерзімі өткен деректер қолданылмайды.

Алдыңғы жүргізілген біліктілік талаптарға сәйкестігін тексерудің қорытындылары бойынша берілген бұзушылықтарды толық көлемде жойған бақылау субъектілеріне қатысты оларды мемлекеттік бақылаудың кезекті кезеңіне кестелер мен тізімдерді қалыптастыру кезінде енгізуге жол берілмейді.

14. Қолданылатын ақпарат көздерінің басымдығын субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің көрсеткішін есептеу тәртібіне сәйкес субъективті өлшемшарттар көрсеткішінің маңыздылығын негізге ала отырып, субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің көрсеткіші 0-ден 100-ге дейінгі шәкіл бойынша есептеледі.

Қолданылатын ақпарат көздерінің басымдығы және субъективті өлшемшарттар көрсеткіштерінің маңыздылығы осы өлшемшарттардың 4-қосымшада келтірілген субъективті өлшемшарттар тізбесіне сәйкес белгіленеді.

4-тaraу. Тәуекелдерді басқару

15. Адал бақылау субъектілерін көтермелеге және бұзушыларға бақылау шоғырландыру қағидатын іске асыру мақсатында бақылау субъектілері (объектілері) реттеуші мемлекеттік органның тәуекел дәрежесін бағалау субъективті өлшемшарттарымен айқындалатын кезеңге бақылау субъектісіне (объектісіне) біліктілік талаптарға сәйкестігін тексеру жүргізуден босатылады.

16. Субъективті өлшемшарттар бойынша бақылау субъектілері (объектілері) ақпараттық жүйені қолдана отырып, бақылау субъектілері қызметінің тиісті салаларындағы жоғары тәуекел дәрежесінен орташа тәуекел дәрежесіне немесе орташа тәуекел дәрежесінен төмен тәуекел дәрежесіне мынадай жағдайларда:

1) егер мұндай субъектілер Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жағдайларда және тәртіппен үшінші тұлғалар алдында азаматтық-құқықтық жауапкершілікті сақтандыру шарттарын жасасса;

2) егер Қазақстан Республикасының заңдарында және реттеуші мемлекеттік органдардың тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттарында бақылау субъектісіне біліктілік талаптарға сәйкестігіне тексерулер жүргізуден босату жағдайлары айқындалған болса;

3) егер субъектілер өзін-өзі реттейтін ұйым қызметінің нәтижелерін тану туралы келісім жасалған, "Өзін-өзі реттеу туралы" Қазақстан Республикасы Занының 21-бабына сәйкес ерікті мүшелікке (қатысуға) негізделген өзін-өзі реттейтін ұйымның мүшелері болып табылса ауыстырылады.

17. Кодекстің 141-бабының 10-тармағына сәйкес реттеуші мемлекеттік органдар, сондай-ақ мемлекеттік органдар ерікті мүшелікке (қатысуға) негізделген өзін-өзі реттейтін ұйымның мүшесіне (қатысушысына) мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру кезінде кәсіпкерлік жөніндегі уәкілетті орган айқындастын тәртіппен өзін-өзі реттейтін ұйым қызметінің нәтижелерін тану туралы жасалған келісімді ескере отырып, женілдететін индикатор ретінде тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттарында осындай мүшеліктің (қатысудың) болу фактісін ескереді.

Осы тармақтың, сондай-ақ осы Қағидалардың 16-тармағы 3) тармақшасының ережелері ұлттық қауіпсіздік, қорғаныс, қоғамдық тәртіпті қамтамасыз ету салаларына қолданылмайды.

18. Бақылау субъектісіне біліктілік талаптарға сәйкестігін тексеруден босату мақсатында реттеуші мемлекеттік органдар, сондай-ақ мемлекеттік органдар женілдететін индикаторларды ескереді.

Женілдететін индикаторларға:

1) деректерді онлайн-режимде беретін аудио және (немесе) бейне жазбалардың болуы;

2) деректерді мемлекеттік органдар жүйесіне беретін датчиктер мен бекіту құрылғыларының (су датчиктері, атмосфераға шығарындыларды тіркеу датчиктері) болуы жатады.

Бұл ретте бақылау субъектісіне біліктілік талаптарға сәйкестігіне тексеру жүргізуден босатуды реттеуші мемлекеттік органдар, сондай-ақ мемлекеттік органдар олар бойынша деректер жөнделететін индикаторларда көрсетілген тәсілдермен алынған талаптар бөлігінде жүзеге асырады.

19. Егер Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарда осындай негіздер көзделген болса, реттеуші мемлекеттік органның тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттарына сәйкес тәуекелдерді бағалау мен талдаудың, аудиттің, сараптамалардың қолданылатын баламалы (тәуелсіз) жүйелері негізінде бақылау субъектісіне біліктілік талапқа сәйкестігіне тексеру жүргізуден босату мүмкін болады.

20. Мемлекеттік органдардың тәуекелдерді бағалау және басқару жүйесі бақылау субъектілерін тәуекелдің нақты дәрежелеріне жатқызатын және бақылау іс-шараларын жүргізу кестелерін немесе тізімдерін қалыптастыратын ақпараттық жүйелерді пайдалана отырып жүргізіледі, сондай-ақ мемлекеттік статистикаға, ведомстволық статистикалық байқаудың қорытындыларына, сондай-ақ ақпараттық құралдарға негізделеді.

Тәуекелдерді бағалау мен басқарудың ақпараттық жүйесі болмаған кезде оларға қатысты бақылау субъектісіне біліктілік талаптарға сәйкестігін тексеру жүзеге асырылатын бақылау субъектілері санының ең аз жол берілетін шегі мемлекеттік бақылаудың белгілі бір саласындағы осындай бақылау субъектілерінің жалпы санының бес пайзызынан аспауға тиіс.

Біліктілік талапқа сәйкестігіне тексеру жүргізу үшін өнеркәсіп саласындағы субъектілерге дәрежелік талаптар осы өлшемшарттарға 1, 2, 3-қосымшаларында келтірілген.

5-тарау. Субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесін есептеу тәртібі

21. Осы Қағидалардың 4-тармағына сәйкес бақылау субъектісін тәуекел дәрежесіне жатқызу үшін тәуекел дәрежесінің көрсеткішін есептеудің мынадай тәртібі қолданылады.

Осы Қағидалардың 12-тармағына сәйкес көздерден субъективті өлшемшарттар бойынша ақпарат жиналады және деректер базасы қалыптастырылады.

Субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің көрсеткішін (R) есептеу алдыңғы тексерулер нәтижелері бойынша осы Қағидалардың (SC) 14-тармағына сәйкес айқындалған субъективті өлшемшарттарға сәйкес бұзушылықтар бойынша тәуекел дәрежесінің көрсеткішін қорытындылау жолымен, деректер мәндерін 0-ден 100 баллға

дайынгі диапозонға қалыпқа келтіре отырып, автоматтандырылған режимде жүзеге асырылады.

$$\text{Рарал} = \text{SP} + \text{SC}, \text{ мұнда}$$

Рарал – субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің аралық көрсеткіші,

SP – бұзушылықтар бойынша тәуекел дәрежесінің көрсеткіші,

SC – осы Қағидалардың 14-тармағына сәйкес айқындалған субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің көрсеткіші.

Есеп мемлекеттік бақылау әрбір саласының бақылау субъектілерінің (объектілерінің) біртекті тобының әрбір бақылау субъектісі (объектісі) бойынша жүргізіледі. Бұл ретте мемлекеттік бақылау бір саласының бақылау субъектілерінің (объектілерінің) біртекті тобына жатқызылатын, бағаланатын бақылау субъектілерінің (объектілерінің) тізбесі деректерді кейіннен қалыпқа келтіру үшін іріктеу жиынтығын (іріктемені) құрайды.

22. Алдыңғы тексерулер нәтижелері бойынша алынған деректер бойынша 0-ден 100 -ге дайынгі баллмен бағаланатын бұзушылықтар бойынша тәуекел дәрежесінің көрсеткіші қалыптастырылады.

Осы Қағидалардың 12-тармағында көрсетілген ақпарат көздерінің кез келгені бойынша бір өрескел бұзушылық анықталған кезде бақылау субъектісіне 100 балл тәуекел дәрежесінің көрсеткіші тенестіріледі және оған қатысты талаптарға сәйкестігіне тексеру жүргізіледі.

Өрескел бұзушылықтар анықталмаған кезде бұзушылықтар бойынша тәуекел дәрежесінің көрсеткіші елеулі және болмашы дәрежедегі бұзушылықтар бойынша жиынтық көрсеткішпен есептеледі.

Елеулі бұзушылықтар көрсеткішін айқындау кезінде 0,7 коэффициенті колданылады.

Бұл көрсеткіш мына формула бойынша есептеледі:

$$\text{SP}_3 = (\text{SP}_2 \times 100/\text{SP}_1) \times 0,7, \text{ мұнда}$$

SP₃ – елеулі бұзушылықтардың көрсеткіші;

SP₁ – елеулі бұзушылықтардың талап етілетін саны;

SP₂ – анықталған елеулі бұзушылықтардың саны.

Болмашы бұзушылықтардың көрсеткішін айқындау кезінде 0,3 коэффициенті колданылады.

Бұл көрсеткіш мына формула бойынша есептеледі:

$$\text{SP}_n = (\text{SP}_2 \times 100/\text{SP}_1) \times 0,3, \text{ мұнда}$$

SP_n – болмашы бұзушылықтардың көрсеткіші;

SP₁ – болмашы бұзушылықтардың талап етілетін саны;

SP₂ – анықталған болмашы бұзушылықтардың саны.

Бұзушылықтар бойынша тәуекел дәрежесінің көрсеткіші (SP) 0-ден 100-ге дейінгі шәкіл бойынша есептеледі және мына формула бойынша елеулі және болмашы бұзушылықтардың көрсеткіштерін қосу арқылы айқындалады:

$$SP = SP_3 + SP_n, \text{ мұнда}$$

SP – бұзушылықтар бойынша тәуекел дәрежесінің көрсеткіші;

SP_3 – елеулі бұзушылықтардың көрсеткіші;

SP_n – болмашы бұзушылықтардың көрсеткіші.

Бұзушылықтар бойынша тәуекел дәрежесі көрсеткішінің алынған мәні субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесі көрсеткішінің есебіне енгізіледі.

23. Осы Қағидалардың 14-тармағына сәйкес айқындалған субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің көрсеткішін есептеу 0-ден 100 балға дейінгі шәкіл бойынша жүргізіледі және мынадай формула бойынша жүзеге асырылады:

$$SC = \sum_{i=1}^n x_i * w_i, \text{ мұнда}$$

x_i - субъективті өлшемшарт көрсеткіші,

w_i - субъективті өлшем көрсеткішінің үлес салмағы x_i

n – көрсеткіштер саны.

Осы Қағидалардың 14-тармағына сәйкес айқындалған субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесі көрсеткішінің алынған мәні субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесі көрсеткішінің есебіне енгізіледі.

24. R көрсеткіші бойынша субъектілер (объектілер) бойынша есептелген мәндер 0-ден 100 балға дейінгі диапазонға қалыпқа келтіріледі. Деректерді қалыпқа келтіру әрбір іріктемелі жиынтық (іріктеме) бойынша мынадай формула әдісін пайдалана отырып жүзеге асырылады:

$$R = \frac{R_{\text{пром}} - R_{\min}}{R_{\max} - R_{\min}},$$

R – бақылау жеке субъектісінің (объектісінің) субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің көрсеткіші (қорытынды),

R_{\max} – бір іріктемелі жиынтыққа (іріктемеге) кіретін субъектілер (объектілер) бойынша субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің шәкілі бойынша ең жоғарғы ықтимал мән (шәкілдің жоғарғы шекарасы),

R_{\min} – бір іріктемелі жиынтыққа (іріктемеге) кіретін субъектілер (объектілер) бойынша субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің шәкілі бойынша ең төменгі ықтимал мән (шәкілдің төменгі шекарасы),

Рарал – осы Қағидалардың 21-тармағына сәйкес есептелген субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің аралық көрсеткіші.

6-тарау. Тексеру параптартары

25. Тексеру параптартары бақылау субъектілерінің (объектілерінің) біртекті топтары үшін жасалады және Кодекстің 132-бабының 2-тармағына сәйкес талаптарды қамтиды және Кодекстің 143-бабының 2-тармағында айқындалған шарттарды сақтай отырып жүргізіледі.

26. Біртекті топтар бақылау субъектілері (объектілері) жүзеге асыратын қызмет түрлері бойынша, сол сияқты тіркеу нысаны бойынша (занды тұлғалар, жеке тұлғалар, дара кәсіпкерлер) бөлінеді.

27. Тәуекелдің жоғары дәрежесіне жатқызылған бақылау субъектілері (объектілері) қызметінің салалары үшін талаптарға сәйкестігіне тексеру жүргізудің жиілігі тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттарымен, бірақ жылына ең көбі бір рет айқындалады.

Тәуекелдің орташа дәрежесіне жатқызылған бақылау субъектілері (объектілері) қызметінің салалары үшін талаптарға сәйкестігіне тексерулер жүргізудің жиілігі тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттарымен, бірақ ең көбі екі жылда бір рет айқындалады.

Тәуекелдің төмен дәрежесіне жатқызылған бақылау субъектілері (объектілері) қызметінің салалары үшін талаптарға сәйкестігіне тексерулер жүргізудің жиілігі тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттарымен, бірақ ең көбі үш жылда бір рет айқындалады.

Өнеркәсіп саласындағы
біліктілік талаптарына
сәйкестігін бақылауға тәуекел
дәрежесін бағалау
өлшемшарттарына
1-қосымша

Қатты пайдалы қазбаларды (кен таралған пайдалы қазбаларды қоспағанда) өндіру; қатты пайдалы қазбалардың кен орындарын ашық және жерасты тәсілдерімен ашу және өзірлеу; кен орындарында технологиялық жұмыстарды жүргізу; кеніштер мен шахталарды жабу жөніндегі жою жұмыстары; пайдалы қазбаларды өндіру үшін жару жұмыстарын жүргізу қызметтің кіші түрлері біліктілік талаптарына сәйкестігіне тексерулер жүргізу үшін, өнеркәсіп саласындағы субъектілердің талаптарына бұзушылық дәрежесі

p/c №	Талаптар	Бұзушылық дәрежесі
	Занды тұлғалар үшін мөрмен және өтініш берушінің бірінші басшысының немесе оны алмасыратын тұлғаның қолымен, жеке тұлғалар үшін өтініш берушінің қолымен	

1	куәландырылған қызметтің лицензияланатын түрлері мен кіші түрлерін (жұмыстарын) орындаудың технологиясын сипаттайтын технологиялық регламентінің болуы	Болмашы
2	Жылжымайтын мүліктің кадастрық нөмірін (орналасқан орны); шарттың нөмірін және шартқа қол қою күнін, егер өзге занды негіздер болса; шарт жасасылған үйымның атауын қамтитын, мәлімденген кіші қызмет түрлеріне сәйкес меншік құқығындағы немесе өзге де занды негіздердегі өндірістік базаның (ғимарат, үй-жайлар) болуы	Өресекел
3	Қатты пайдалы қазбаларды (кең таралған пайдалы қазбаларды қоспағанда), өндіру; ашық және жер асты тәсілдерімен қатты пайдалы қазбалардың кен орындарын ашу және әзірлеу; кен орындарында технологиялық жұмыстарды жүргізу; кеништер мен шахталарды жабу бойынша тарату жұмыстарын жүргізу үшін - инженерлік құрылғылар, машиналар, тетіктер, қуралдар, арнайы көліктер, жабдықтар, өлшеу жабдықтары және бақыланатын технологиялық процестің болуы	Өресекел
4	Пайдалы қазбаларды өндіру үшін жарылыс жұмыстарын жүргізу үшін: 1) жарылғыш қажетті заттарды сақтайтын қоймалары бар мамандандырылған үйиммен жасалған шарт немесе лицензия; 2) ұнғымаларды бұрғылауға арналған бұрғылау станогтың болуы	Өресекел
5	Мыналарды: 1) машиналарды, тетіктерді, көлік қуралдарын, аспаптарды, жабдықтарды пайдалануды және оларға техникалық қызмет көрсетуді; 2) еңбек қауіпсіздігін бақылауды; 3) метрологиялық бақылауды; 4) маркшейдерлік жұмыстарды;	Елеулі

	5) коршаган ортандың қорғаудың қамтамасызы ететін жауапты тұлғалардың немесе қызметтердің болуы	
6	<p>Тиісті білім деңгейіне сәйкес техникалық басшылар мен мамандардың біліктілік құрамы (техникалық басшылар үшін - тиісті салада жоғары техникалық, мамандар үшін - кемінде тиісті салада орта арнаулы білім) және басшылар үшін тиісті салада лицензияланатын қызметтің кіші түрі бойынша кемінде үш жыл практикалық тәжірибесінің болуы (занды тұлғалар үшін мөрмен және өтініш берушінің бірінші басшысының немесе оны алмастыратын тұлғаның қолымен, жеке тұлғалар үшін өтініш берушінің қолымен расталған штат кестесі және мынадай ақпаратты қамтитын жиынтық кесте: тегі, аты, әкесінің аты, білімі бойынша мамандығы, лауазымы, тиісті саладағы еңбек өтілі)</p>	<p>Елеулі</p>

Өнеркәсіп саласындағы
біліктілік талаптарына
сәйкестігін бақылауға тәуекел

дәрежесін бағалау

өлшемшарттарына

2-қосымша

Химиялық өндірістерді пайдалану қызметтің кіші түрі біліктілік талаптарына сәйкестігіне тексерулер жүргізу үшін, өнеркәсіп саласындағы субъектілердің талаптарына бұзушылық дәрежесі

p/c №	Талаптар	Бұзушылық дәрежесі
1	<p>Занды тұлғалар үшін мөрмен және өтініш берушінің бірінші басшысының немесе оны алмастыратын тұлғаның қолымен, жеке тұлғалар үшін өтініш берушінің қолымен куәландырылған қызметтің лицензияланатын түрлері мен кіші түрлерін (жұмыстарын) орындаудың технологиясын сипаттайтын технологиялық регламентінің болуы</p>	Болмашы

2	<p>Жылжымайтын мүліктің кадастрық нөмірін (орналасқан орны); шарттың нөмірін және шартқа қол қою күнін, егер өзге заңды негіздер болса; шарт жасасылған үйымның атауын қамтитын, мәлімденген кіші қызмет түрлеріне сәйкес меншік құқығындағы немесе өзге де заңды негіздердегі өндірістік базаның (ғимарат, үй-жайлар) болуы</p>	Өрескел
3	<p>Меншік құқығында немесе өзге де заңды негіздерде химия өндірістерін пайдалану үшін:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) тетіктер, технологиялық желілер, шикізатты дайындау, қайта өндеу қондырғылары, шикізатты, дайын өнімдерді, жарылыс өрт қауіпті, улы құشتі әсер ететін заттарды сактау үшін арнайы жабдықталған қоймалар, үй-жайлар және сыйымдылықтар; 2) өнімнің стандарттарға, нормалар мен техникалық талаптарына сәйкестігін бақылау бойынша аккредиттелген зертхананың болуы 	Өрескел
4	<p>Мыналарды:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) машиналарды, тетіктерді, көлік құралдарын, аспаптарды, жабдықтарды пайдалануды және оларға техникалық қызмет көрсетуді; 2) еңбек қауіпсіздігін бақылауды; 3) метрологиялық бақылауды; 4) технологиялық процесті сактауды және берілген сападағы өнімнің шығарылуын; 5) қоршаган ортаны қорғауды қамтамасыз ететін жауапты тұлғалардың немесе қызметтердің болуы 	Елеулі
	<p>Тиісті білім деңгейіне сәйкес техникалық басшылар мен мамандардың біліктілік құрамы (басшылар үшін - тиісті салада жогары техникалық, мамандар үшін - кемінде тиісті салада орта арнаулы білім) және басшылар үшін тиісті салада лицензияланатын қызметтің кіші түрі бойынша кемінде үш жыл</p>	

5	<p>практикалық тәжірибесінің болуы (занды тұлғалар үшін мөрмен және өтініш берушінің бірінші басшысының немесе оны алмастыратын тұлғаның қолымен, жеке тұлғалар үшін өтініш берушінің қолымен расталған штат кестесі және мынадай ақпаратты қамтитын жиынтық кесте: тегі, аты, әкесінің аты, білімі бойынша мамандығы, лауазымы, тиісті саладағы еңбек өтлі)</p>	Елеулі
---	--	--------

Өнеркәсіп саласындағы
біліктілік талаптарына
сәйкестігін бақылауға тәуекел
дәрежесін бағалау
өлшемшарттарына
3-қосымша

Ұнғымаларды жерасты және күрделі жөндеу, жабдықты және агрегаттарды бөлшектеу, ұнғымалар көтергішін орнату; ұнғымаларды жөндеуден кейін сынау; ұнғымаларды шаю, цементтеу, сынаудан өткізу және игеру қызметтің кіші түрлері біліктілік талаптарына сәйкестігіне тексерулер жүргізу үшін, өнеркәсіп саласындағы субъектілердің талаптарына бұзушылық дәрежесі

p/c №	Талаптар	Бұзушылық дәрежесі
1	<p>Занды тұлғалар үшін мөрмен және өтініш берушінің бірінші басшысының немесе оны алмастыратын тұлғаның қолымен, жеке тұлғалар үшін өтініш берушінің қолымен куәландарылған қызметтің лицензияланатын түрлері мен кіші түрлерін (жұмыстарын) орындаудың технологиясын сипаттайтын технологиялық регламентінің болуы</p>	Болмашы
2	<p>Жылжымайтын мұліктің кадастрық нөмірін (орналасқан орны); шарттың нөмірін және шартқа қол қою күнін, егер өзге занды негіздер болса; шарт жасасылған ұйымның атауын қамтитын, мәлімденген кіші қызмет түрлеріне сәйкес меншік құқығындағы немесе өзге де занды негіздердегі өндірістік базаның (ғимарат, үй-жайлар) болуы</p>	Өрескел

3	<p>Ұңғымаларды жер астында және күрделі жөндөу, жабдықтар мен агрегаттарды бөлшектеу, ұңғымалар көтергішін орнату үшін; ұңғымаларды жөндеуден кейін сынау; ұңғымаларды жуу, цементтеу, сынап көру және игеру үшін - тиісті технологиялық жабдықтардың болуы</p>	Өрескел
4	<p>Мыналарды:</p> <p>1) машиналарды, тетіктерді, көлік құралдарын, аспаптарды, жабдықтарды пайдалануды және оларға техникалық қызмет көрсетуді;</p> <p>2) еңбек қауіпсіздігін бақылауды;</p> <p>3) метрологиялық бақылауды;</p> <p>4) маркшейдерлік жұмыстарды;</p> <p>5) коршаған ортаны қорғауды қамтамасыз ететін жауапты тұлғалардың немесе қызметтердің болуы</p>	Елеулі
5	<p>Тиісті білім деңгейіне сәйкес техникалық басшылар мен мамандардың біліктілік құрамы (басшылар үшін - тиісті салада жоғары техникалық, мамандар үшін - кемінде тиісті салада орта арнаулы білім) және басшылар үшін тиісті салада лицензияланатын қызметтің кіші түрі бойынша кемінде үш жыл практикалық тәжірибесінің болуы (занды тұлғалар үшін мөрмен және өтініш берушінің бірінші басшысының немесе оны алмастыратын тұлғаның қолымен, жеке тұлғалар үшін өтініш берушінің қолымен расталған штат кестесі және мынадай ақпаратты қамтитын жиынтық кесте: тегі, аты, әкесінің аты, білімі бойынша мамандығы, лауазымы, тиісті саладағы енбек өтілі)</p>	Елеулі

Өнеркәсіп саласындағы
біліктілік талаптарына
сәйкестігін бақылауға тәуекел
дәрежесін бағалау
өлшемшарттарына
4-қосымша

Өнеркәсіп саласындағы субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесін айқындауға арналған субъективті өлшемшарттар тізбесі

Р/с №	Субъективті өлшемшарттар көрсеткіші	Субъективті өлшемшарт көрсеткіші бойынша ақпарат көзі	Маңыздылығы бойынша үлес салмағы, балларлығы (100 баллга дейін болуы тиіс), wi	Шарттар / мәндер, хі			
				1-шартты / мәні	2-шартты / мәні	3-шартты / мәні	n...- шартты / мәні
1	2	3	4	5			

Талаптарға сәйкестігін тексеру үшін

1	Заңды тұлға-лицензиат қайта ұйымдастырылған жағдайда лицензияны және (немесе) қосымшала рды қайта ресімдемеу туралы мәліметтердің болуы	мемлекеттік органдар мен ұйымдар ұсынатын мәліметтердің талдау нәтижелері 1 2 - тармақтың 3) - тармқасы	70	жок	ия		
				0%	100%		

Қазақстан Республикасы

Ұлттық экономика

бірінші вице-министрі

2023 жылғы 12 сәуірдегі

№ 48 мен

Қазақстан Республикасы

Индустрия және

инфрақұрылымдық

даму министрінің

міндеттін атқарушы

2023 жылғы 7 сәуірдегі

№ 231 Бірлескен бұйрыққа

2-қосымша

Қатты пайдалы қазбаларды (көң таралған пайдалы қазбаларды қоспағанда) өндіру; қатты пайдалы қазбалардың көң орындарын ашық және жерасты тәсілдерімен ашу және әзірлеу; көң орындарында технологиялық жұмыстарды жүргізу; көнштер мен шахталарды жабу жөніндегі жою жұмыстары; пайдалы қазбаларды өндіру үшін жару жұмыстарын жүргізу кіші қызмет түрлеріне лицензия мен қосымша алған лицензияттарға қатысты өнеркәсіп саласындағы Тексеру парагы

Казакстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің 138 бабына сәйкес қатысты бақылау

субъектілерінің (объектілерінің) біртекті тобының атауы

Тексеруді тағайындаған мемлекеттік орган _____

Тексеруді тағайындау туралы акт _____

(№, күні)

Бақылау субъектісінің (объектісінің) атауы _____

(бақылау субъектісінің (объектісінің) (жеке сәйкестендіру нөмірі),
бизнес- сәйкестендіру нөмірі)

Орналасқан жерінің мекенжайы _____

№	Талаптар тізбесі	Талаптарға сәйкес келеді	Талаптарға сәйкес келмейді	
1	2	3	4	
1	Занды тұлғалар үшін мөрмен және өтініш берушінің бірінші басшысының немесе оны алмастыратын тұлғаның колымен, жеке тұлғалар үшін өтініш берушінің қолымен куәландырылған қызметтің лицензияланатын түрлері мен кіши түрлерін (жұмыстарын) орындаудың технологиясын сипаттайтын технологиялық регламентінің болуы			

2	<p>Жылжымайтын мүліктің кадастрық нөмірін (орналасқан орны); шарттың нөмірін және шартқа қол қою күнін, егер өзге заңды негіздер болса; шарт жасасылған үйымның атауын қамтитын, мәлімденген кіші қызмет түрлеріне сәйкес меншік құқығындағы немесе өзге де заңды негіздердегі өндірістік базанын (ғимарат, үй-жайлар) болуы</p>			
3	<p>Қатты пайдалы қазбаларды (кен таралған пайдалы қазбаларды қоспағанда), өндіру; ашық және жер асты тәсілдерімен қатты пайдалы қазбалардың кен орындарын ашу және әзірлеу; кен орындарында технологиялық жұмыстарды жүргізу; кеништер мен шахталарды жабу бойынша тарату жұмыстарын жүргізу үшін - инженерлік құрылғылар, машиналар, тетіктер, құралдар, арнайы көліктер, жабдықтар, өлшеу жабдықтары және бақыланатын технологиялық процестің болуы</p>			
	<p>Пайдалы қазбаларды өндіру</p>			

4	<p>үшін жарылыс жұмыстарын жүргізу үшін:</p> <p>1) Жарылғыш қажетті заттарды сақтайтын қоймалары бар мамандандырылған үйиммен жасалған шарт немесе лицензия; 2) ұнғымаларды бұрғылауға арналған бұрғылау станогын болуы</p>		
5	<p>Мыналарды:</p> <p>1) машиналарды, тетіктерді, көлік құралдарын, аспаптарды, жабдықтарды пайдалануды және оларға техникалық қызмет көрсетуді;</p> <p>2) еңбек қауіпсіздігін бақылауды;</p> <p>3) метрологиялық бақылауды;</p> <p>4) маркшейдерлік жұмыстарды;</p> <p>5) қоршаған ортаны қорғауды қамтамасыз ететін жауапты тұлғалардың немесе қызметтердің болуы</p>		
	<p>Тиісті білім деңгейіне сәйкес техникалық басшылар мен мамандардың біліктілік құрамы (басшылар үшін - тиісті салада жоғары техникалық, мамандар үшін - кемінде тиісті салада орта арнаулы білім) және басшылар үшін тиісті салада лицензияланатын</p>		

қызметтің кіші түрі
бойынша кемінде
ұш жыл
практикалық
тәжірибесінің
болуы (занды
тұлғалар үшін
мөрмен және өтініш
берушінің бірінші
басшысының
немесе оны
алмастыратын
тұлғаның колымен,
жеке тұлғалар үшін
өтініш берушінің
қолымен расталған
штат кестесі және
мынадай ақпаратты
қамтитын жиынтық
кесте: тегі, аты,
әкесінің аты, білімі
бойынша
мамандығы,
лауазымы, тиісті
саладағы еңбек өтілі
)

Лауазымды адам (-дар)

лауазымы қолы тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда)

лауазымы қолы тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда)

Бақылау субъектісінің басшысы

лауазымы қолы тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда)

Қазақстан Республикасы

Үлттых экономика

бірінші вице-министрі

2023 жылғы 12 сәуірдегі

№ 48 мен

Қазақстан Республикасы

Индустрія және

инфрақұрылымдық

даму министрінің

міндеттін атқарушы

2023 жылғы 7 сәуірдегі

№ 231 Бірлескен бүйрекқа

3-қосымша

**Химиялық өндірістерді пайдалану кіші қызмет түріне лицензия мен қосымша алған
лицензияттарға қатысты өнеркәсіп саласындағы Тексеру парагы**

Қазақстан Республикасы Кесіпкерлік кодексінің 138 бабына сәйкес қатысты бақылау

субъектілерінің (объектілерінің) біртекті тобының атауы

Тексеруді тағайындаған мемлекеттік орган _____

Тексеруді тағайында туралы акт _____

(№, күні)

Бақылау субъектісінің (объектісінің) атауы _____

(бақылау субъектісінің (объектісінің) (жеке сәйкестендіру нөмірі),
бизнес-сәйкестендіру нөмірі)

Орналасқан жерінің мекенжайы _____

№	Талаптар тізбесі	Талаптарға сәйкес келеді	Талаптарға сәйкес келмейді	
1	2	3	4	
1	Занды тұлғалар үшін мөрмен және өтініш берушінің бірінші басшысының немесе оны алмастыратын тұлғаның қолымен, жеке тұлғалар үшін өтініш берушінің қолымен куәландырылған қызметтің лицензияланатын түрлері мен кіши түрлерін (жұмыстарын) орындаудың технологиясын сипаттайтын технологиялық регламентінің болуы			
	Жылжымайтын мүліктің кадастрылық нөмірін (орналасқан орны); шарттың нөмірін және шартқа қол қою күнін, егер өзге занды негіздер			

2	<p>болса; шарт жасасылған үйымның атауын қамтитын, мәлімденген кіші қызмет түрлеріне сәйкес меншік құқығындағы немесе өзге де занды негіздердегі өндірістік базаның (ғимарат, үй-жайлар) болуы</p>		
3	<p>Меншік құқығында немесе өзге де занды негіздерде химия өндірістерін пайдалану үшін:</p> <p>1) тетіктер, технологиялық желілер, шикізатты дайындау, қайта өндеде қондырғылары, шикізатты, дайын өнімдерді, жарылыс өрт қауіпті, улы күшті әсер ететін заттарды сақтау үшін арнайы жабдықталған қоймалар, үй-жайлар және сыйымдылықтар;</p> <p>2) өнімнің стандарттарға, нормалар мен техникалық талаптарына сәйкестігін бақылау бойынша аккредиттелген зертхананың болуы</p>		
	<p>Мыналарды:</p> <p>1) машиналарды, тетіктерді, көлік құралдарын, аспаптарды, жабдықтарды пайдалануды және оларға техникалық қызмет көрсетуді;</p>		

4	<p>2) еңбек қауіпсіздігін бақылауды; 3) метрологиялық процесті сақтауды және берілген сарападағы өнімнің шығарылуын; 5) қоршаған ортанды қорғауды қамтамасыз ететін жазапты тұлғалардың немесе қызметтердің болуы</p>		
5	<p>Тиісті білім денгейіне сәйкес техникалық басшылар мен мамандардың біліктілік құрамы (басшылар үшін - тиісті салада жоғары техникалық, мамандар үшін - кемінде тиісті салада орта арнаулы білім) және басшылар үшін тиісті салада лицензияланатын қызметтің кіші түрі бойынша кемінде үш жыл практикалық тәжірибесінің болуы (занды тұлғалар үшін мөрмен және өтініш берушінің бірінші басшысының немесе оны алмастыратын тұлғаның қолымен, жеке тұлғалар үшін өтініш берушінің қолымен расталған штат кестесі және мынадай ақпаратты қамтитын жиынтық кесте: тегі, аты, әкесінің аты, білімі бойынша</p>		

мамандығы,
лауазымы, тиісті
саладағы еңбек өтілі
)

Лауазымды адам (-дар)

лауазымы қолы тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда)

лауазымы қолы тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда)
Бақылау субъектісінің басшысы

лауазымы қолы тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда)

Қазақстан Республикасы

Ұлттық экономика

бірінші вице-министрі

2023 жылғы 12 сәуірдегі

№ 48 мен

Қазақстан Республикасы

Индустрія және

инфрақұрылымдық

даму министрінің

міндеттін атқарушы

2023 жылғы 7 сәуірдегі

№ 231 Бірлескен бүйреккә

4-қосымша

Ұнғымаларды жерасты және күрделі жөндеу, жабдықты және агрегаттарды бөлшектеу,
ұнғымалар көтергішін орнату; ұнғымаларды жөндеуден кейін сынау; ұнғымаларды шаю,
цементтеу, сынаудан өткізу және игеру кіші қызмет түрлеріне лицензия мен қосымша алған
лицензияттарға қатысты өнеркәсіп саласындағы Тексеру парагы

Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің 138 бабына сәйкес қатысты
бақылау

субъектілерінің (объектілерінің) біртекті тобының атауы

Тексеруді тағайындаған мемлекеттік орган _____

Тексеруді тағайындау туралы акт _____

(№, күні)

Бақылау субъектісінің (объектісінің) атауы _____

(бақылау субъектісінің (объектісінің) (жеке сәйкестендіру нөмірі),

бизнес- сәйкестендіру нөмірі)

Орналасқан жерінің мекенжайы _____

№	Талаптар тізбесі	Талаптарға сәйкес келеді	Талаптарға сәйкес келмейді
1	2	3	4
1	<p>Заңды тұлғалар үшін мөрмен және өтініш берушінің бірінші басшысының немесе оны алмастыратын тұлғаның қолымен, жеке тұлғалар үшін өтініш берушінің қ о л ы м е н</p> <p>куәландырылған</p> <p>қызыметтің</p> <p>лицензияланатын тұрлері мен кіші тұрлерін (жұмыстарын)</p> <p>орындаудың</p> <p>технологиясын</p> <p>сипаттайтын</p> <p>технологиялық</p> <p>регламентінің болуы</p>		
2	<p>Жылжымайтын мұліктің</p> <p>кадастрық нөмірін (орналасқан орны);</p> <p>шарттың нөмірін және шартқа қол қою күнін,</p> <p>егер өзге заңды негіздер болса; шарт жасасылған үйымның атауын</p> <p>қамтитын, мәлімденген</p> <p>кіші қызмет тұрлеріне</p> <p>сәйкес меншік</p> <p>құқығындағы немесе өзге</p> <p>де заңды негіздердегі</p> <p>өндірістік базаның (ғимарат, үй-жайлар)</p> <p>болуы</p>		
3	<p>Ұңғымаларды жер астында және курделі жөндеу, жабдықтар мен агрегаттарды бөлшектеу,</p> <p>ұңғымалар көтергішін орнату үшін;</p> <p>ұңғымаларды жөндеуден кейін сынау;</p> <p>ұңғымаларды жуу,</p> <p>цементтеу, сынап көру</p>		

	және игеру үшін - тиісті технологиялық жабдықтар		
4	<p>Мыналарды:</p> <p>1) машиналарды, тетіктерді, көлік құралдарын, аспаптарды, жабдықтарды пайдалануды және оларға техникалық қызмет көрсетуді;</p> <p>2) еңбек қауіпсіздігін бақылауды;</p> <p>3) метрологиялық бақылауды;</p> <p>4) маркшейдерлік жұмыстарды;</p> <p>5) қоршаған ортаны қорғауды қамтамасыз ететін жауапты тұлғалардың немесе қызметтердің болуы</p>		
5	<p>Тиісті білім деңгейіне сәйкес техникалық басшылар мен мамандардың біліктілік құрамы (басшылар үшін - тиісті салада жоғары техникалық, мамандар үшін - кемінде тиісті салада орта арнаулы білім) және басшылар үшін тиісті салада лицензияланатын қызметтің кіші түрі бойынша кемінде үш жыл практикалық тәжірибесінің болуы (заныны тұлғалар үшін мөрмен және өтініш берушінің бірінші басшысының немесе оны алмастыратын тұлғаның қолымен, жеке тұлғалар үшін өтініш берушінің қолымен расталған штат кестесі және мынадай ақпаратты қамтитын жиынтық кесте: тегі, аты, әкесінің аты, білімі бойынша мамандығы, лауазымы, тиісті саладағы еңбек өтілі)</p>		

Лауазымды адам (-дар)

лауазымы қолы тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда)

лауазымы қолы тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда)

Бақылау субъектісінің басшысы

лауазымы қолы тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда)

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК